Қазіргі кезде үстіртте желілік метеостанция жұмыс істемейді. Ондағы жалғыз метеостанция Бертек бұрын осы аттас қазан шұңқырда орналасқан болатын. Осы гидрометеостанцияның мәліметтері бойынша жылдық жауын-шашын мөлшері 160-290 мм шамасында құбылады. Олардың көпшілік бөлігі (80 % дейін) жаз айларында түседі. Мысалы, шілде айында 21 мм-ден 70 мм-ге дейін, ал тамыз айында 25 мм-ден 72 мм-ге дейін түседі. Антициклон әсер ететін қазан-наурыз айлары аралығында түсетін жауын-шашынның мөлшері 10-29 мм-ден аспайды. Бірақ, осындай жауын-шашынның аз мөлшерінің өзінде аумақтағы температураның төмен болуына байланысты ылғалдылық өте жоғары. Ең жылы айлар - маусым ($5,8 — 8, 6^{\circ}\text{C}$), шілде ($7,8 — 10, 7^{\circ}$), тамыз ($6,4 — 8,8^{\circ}$) айлары. Үстірттің аумағындағы климаттың аридтілігі және қаталдылығы батыстан шығысқа қарай арта түседі. Атмосфералық жауын-шашынның көпшілік бөлігі таудың батысқа қараған беткейіне түседі. Табын-Богдо-Оло мұздық массивінің шекарасына жылына орташа 900 мм түссе, Ақ Алаха өзеннің бастауы болып табылатын, Оңтүстік Алтайдың жотасына жылына 1400 мм-ге дейін жауын шашын болады.

Аргут өзенінің жүйесі тұйық биік таулы Укок үстіртінің алабында орналасқан. Мұндағы су нысандарының гидрологиялық зерттелуі жеткіліксіз деп есептелінеді. Тұрақты бақылаулар тек қана Жасатер ө. (Жасатер селосы), Ақ Алаха ө. (ГМС Бертек) және Қалғұты ө. (Еңбек селосы) өзендерінде ғана жүргізілген. Сонымен бірге, қазіргі кезде осы аталған бақылау бекеттерінің ешқайсысы жұмыс жасамай тұр. Ақ Алаха өзені үшін бақылау мерзімі 1959 жылдан 1982 жылдар аралығында, яғни 23 жылды, Жасатер өзені үшін 1960 жылдан 1995 жылдар – 35 жылды, ал Қалғұты өзені үшін 1958 жылдан 1966 жылға дейін 11 жылды құрады.

Су режимінің сипаты бойынша аумақтың өзендері алтай типіне жатады. Мұндай тип су жинау алабы 1000-1500 км² және орташа биіктігі 2500 м аспайтын кіші өзендерге тән. Бұл өзендердің ерекшелігі уақыт бойынша биік емес, созылған тарамдалған жазғы гидрографы бар су тасқыны, жоғарылау күзгі және төмен қысқы ағынды болып табылады. Өзендердің сумен қоректенуі негізінен қар және мұздықтан. Ағынның жылдық орташа модулі 8-13 л/сек. км² құрайды.

Укок үстіртінің жазғы су тасқыны өзендердің су режимінің негізгі фазасын құрайды. Бұл кездегі ағынның жүрісін негізінен қыстай жиналған атмосфералық жауын-шашынның еруі анықтайды. Су тасқынының барлық сипаттамалары – оның көлемі, басталу уақыты, жүріп өту уақыты және максимальды су өтімінің шамасы, ең үлкен деңгейлер, су тасқынының біту уақыты су жинау алабының гидрографиялық ерекшеліктерімен, басым қоректену типімен, биіктік зоналары бойынша қардағы су қорының орналасуымен және қар еру периодының метеорологиялық жағдайларымен анықталынады. Мұздықтардан бастау алатын өзендер үшін мұздар еритін жазғы айлардың температуралық режимі ерекше маңызды. Климаттық жағдайлар топырақтың тереңдеп

және ұзақ мерзімде қатуына жағдай жасайды. Бұл ағын коэффициентінің көтерілуіне әсер етеді. Барлық жерде таралған мәңгілік мұздық, гологиялық құрылымның ерекшеліктері ағын шығынының аз болуына әсер етеді. Өзендердің су жинау алаптарының жоғарғы бөлігінде ағынның шығын коэффициенттері 0,85-0,9 шамасында болып келеді. Өзендердің тау үстіртінің әлсіз еңістікті бөлігіне шыққан кезінде картина мүлдем өзгеше болады: судың біршама бөлігі, әсіресе мәңгілік тоңның бүлінуге ұшыраған жерлерінде, арнадағы фильтрацияға шығындалады.


Су тасқынының басталатын уақыты негізінен мамыр айының II-III декадасына сәйкес келеді. Су тасқынының басталу уақыты температураға байланысты біршама мерзімге ауытқуы мүмкін. Өзендердегі максимальды су өтімінің болатын орташа мезгілі шілде айының ортасына сәйкес келеді. Су тасқынының созылу уақыты орташа алғанда 100-130 күнді құрайды және өзендердің физико-географиялық ерекшеліктері мен су жинау алабының өлшемдеріне байланысты.

Өзендердің қоректенуі - жоғарыда атап кеткендей, аралас: мұздық-қар немесе қар-мұздықтық. Жазғы жаңбырдың үлесі 20%*ке дейін, ал жер асты суларының тау үстіртінің оңтүстік бөлігінде 10%, солтүстігінде 20% жетуі мүмкін.

Жоғарғы Аргуттың бассейні Катун өзенінің бастауының шығыс жағында көпшілік биіктігі 2000-2200 м болатын, тұйықталған биік таулы Укок қазан шұңқырында орналасқан. Аргут өзеніне Жасатер, Ақ Алаха, Қалғұтты, Қара Алаха және Көксу өзендері құяды. Алғашқы екеуі 1535 м биіктікте бір-біріне қосылып Аргут өзенін құрайды (1 сурет).

Аргут өзені екі өзеннің: Жасатер және Ақ Алаха өзендерінің қосылуы арқасында пайда болады. Өзеннің ұзындығы 232 км, ал су жинау алабының ауданы 9550 км². Жасатер өзені Сайлүгем жотасының солтүстік-шығыс беткейінен бастау алады. Ағысының сипаты жергілікті жердің рельефіне байланысты өзгеріп отырады. Жоғарғы бөлігінде өзен нағыз таулы сипатта болса, одан кейін әлсіз еңістіктегі учаскеге шыққан кезде далалық өзендердің кейбір сипатына ие болады. Одан кейін ол өзінің ортаңғы және төменгі ағысында терең шатқалдар арқылы аға отырып еңістігі, және тиісінше ағыс жылдамдығы артады. Өзеннің су жинау алабының ауданы 1770 км² құрайды. Ағыстың жылдық орташа модулі 4-5 л/сек·км² аралығында болады. Тау үстіртіндегі басқа өзендермен салыстырғанда құздықтан қоректену аздау, ал жазғы жаңбырдың ролі көптеу болып келеді. Жылдық ағынның 85-тен 90%-ке дейінгі бөлігі жазғы 8%-ке дейін күзгі айлардың үлесіне тиесілі. Қысқы мерзімде ағын тоқтап қалады, оның ұзақтығы 145 тәулікке дейін жетуі мүмкін. Бақылау жүргізілген барлық уақыттағы Жасатер өзенінде байқалған максимальды су өтімі 1976 жылы 130м³/с болды.

Ақ Алаха өзені Алаха мұздығынан бастау алады. Оның су жинау алабының ауданы 602 км² құрайды. Ағынның қалыптасуы негізінен тау басындағы мұздықтарға байланысты. Қоректенуінің басым түрі өзеннің бастауынан сағасына дейін бірнеше рет өзгереді. Өзеннің жоғарғы бөлігінде мұздықпен қоректену бөлігі жылдық су ағынының 50%-тен астамын құрайды. Ал өзеннің сағалық бөлігінде бұл цифра 20%-тен аспайды, бірақ мұнда жаңбырмен қоректенудің ролі артады (20%-тей). Жер асты суларымен қоректену де жергілікті жердің биіктігінің төмендеуіне байланысты өзгереді. Егер бассейндің жоғарғы бөлігінде оның мөлшері 10%-тен аспайтын болса, сада 20%-ке жетуі мүмкін. Ақ Алаха өзенінің орташа жылдық ағын модулі 14-20 л/сек·км² аралығында болады. Үстірттегі басқа өзендер сияқты Ақ Алаха өзені үшін де ағынның маусымдар бойынша әркелкі таралуы сақталады. Ең үлкен айлық ағын маусым-тамыз айларында байқалады. Байқаулар көрсеткендей, қысқы ағын 100 тәулік шамасында болмай қалады. Су тасқынының ұзақтығы 130 тәулікке дейін жетеді.



Сурет 1. Аргут өзенінің гидрографиялық желісі

Аргут өзенінің сол жағындағы бөлігін құрайтын Ақ Алаха өзенін оның бастауы деп санайды. Оңтүстік Алтайдың мұздықтарынан бастау алатын ол өзен еңістігі азғантай болатын тау жазығындағы батпақ пен көлдерді аралап аға отырып, сол жақ саласы Қара Алаха қосылған соң ағысы қатты тау өзеніне айналады. Жасатер өзені қосылғаннан кейінгі оның көпжылдық орташа өтімі $47,5 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды.

Аргут өзенінің оң жақ бөлігі болып саналатын Жасатер өзені ұзындығы бойынша да, сулылығы бойынша да Ақ Алахадан көп кіші. Ақ Алахаға қосыла отырып ол Аргут өзенінің су өтімін $25 \text{ м}^3/\text{с}$ арттырады.

Екі өзен қосылғаннан соң (Жастар ауылы маңында) баяу болғанымен, Аргут аздан соң еңістігін күрт өзгертіп, ағысы қатты, буырқанған тау өзеніне айналады. Катун балкасы жотасын жарып өтетін жерге (сол жақ саласы Көксу өзенінің құйған жерінен төмен) кездегі өзеннің көпжылдық орташа су өтімі $87 \text{ м}^3/\text{с}$ дейін жетеді.

Қарастырып отырған гидрографиялық аумақтағы үшінші өзен Бұқтырма болып саналады. Ол өз бастауын Орталық Алтайдағы мұздықтар тобынан ала отырып Укок үстіртінің батысында, Оңтүстік Алтайдың орманды жоталары арлығында тар иреленді аңғар арқылы ағады. Қазіргі кезде ол Ертіс өзенінің бойындағы Жайсан көлінің үстіне пайда болған Бұқтырма су қоймасына құяды. Бұл өзеннің көпжылдық орташа су өтімі $243 \text{ м}^3/\text{с}$ болады. Өзеннің бассейніндегі ағын модулі салыстырмалы түрде жоғары – 1 км^2 -қа $16\text{-}24 \text{ л/сек}$ құрайды. Сонымен бірге су өтімінің артуы өзеннің төменгі ағысында қарқынды болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Панженская Е.И., Попова К.И., Шевченко В.И. Синоптические процессы и их погодно-климатическое проявление в зимний период над Алтаем // Тр. / ЗСРНИГМИ. Вып. 6. - Л., 1972. - С. 52 - 71.
- [2] Горный Алтай. - Томск: Изд-во Том. ун-та, 1972. - 385 с.
- [3] Ресурсы поверхностных вод СССР. Т. 15. Вып. 1: Горный Алтай и Верхний Иртыш. - Л.: Гидрометеиздат, 1969. - 512 с.

- [4] Быков В.Д., Важнов А.П., Федорова И.С. Некоторые результаты исследования внутригодового распределения стока горных стран // Расчеты речного стока. - Л.: Гидрометеиздат, 1975. - С. 224 - 231.
- [5] Структура и динамика речного стока горных регионов // Степанов Ю.Г., Федоров В.Н., Хаустов А.П. и др. - Новосибирск: Наука, 1987. - 160 с.

REFERENCES

- [1] Panzhenskaya Ye.I., Popov K.I., Shevchenko V.I. Synoptic processes and their weather and climate events in winter over the Altai. Proc. / ZSRNIGMI. Vol. 6. - L., 1972. - p. 52 - 71. (in Russ.).
- [2] Altai Mountains. - Tomsk: Publishing house of Tom. University Press, 1972. - 385 p. (in Russ.).
- [3] Surface water resources of the USSR. V. 15. Ed. 1: Altai Mountains and the Upper Irtysh. - L.: Gidrometeoizdat, 1969. - 512 p. (in Russ.).
- [4] Быков В.Д., Важнов А.П., Федоров И.С. Some results of the research on distribution of flow of mountainous countries. Calculations of river flow. - L.: Gidrometeoizdat, 1975. - p. 224 - 231. (in Russ.).
- [5] Structure and dynamics of river flow of mountain regions. Stepanov Yu.G., Fedorov V.N., Khaustov A.P. et al. - Novosibirsk: Nauka, 1987. - 160 p. (in Russ.).

ГЕОГРАФИЧЕСКАЯ И ГИДРОГРАФИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА БАССЕЙНА РЕКИ АРГУТ

Зайнил Ж., Асанбеков Б.А.

Аннотация. В статье рассмотрены орография, географические характеристики и климатические условия Укокского плоскогорья, расположенного в Республике Алтай Российской Федерации. Даны характеристики рек, принадлежащие Аргутской речной системы Укокского плоскогорья.

Поступила 15.01.2015

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 1, Number 25 (2015), 37 – 39

INFLUENCE OF FERTILIZERS ON DISSEMINATION AND DEVELOPMENT OF DISEASES OF MAIZE IN THE SOUTH REGIONS OF KAZAKHSTAN**Issabekov B.B., Muminova S.S., Zhumakhanova R.K.**Shymkent agrarian college, New Technologies College,
South Kazakhstan state university named after Auezov

Abstract. In this article research with the application of mineral fertilizers on maize, their impact on the spread and development of plant diseases in the south regions of Kazakhstan are expanded.

Keywords: maize, diseases, mineral fertilizer, spread of diseases.

ӘОЖ 632.4

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨңІРІНДЕГІ ЖҮГЕРІ ЕГІСІНДЕ
КЕЗДЕСЕТІН АУРУЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫНА МИНЕРАЛДЫ
ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІ****Исабеков Б.Б., Муминова Ш.С., Жұмаханова Р.К.**
Шымкент аграрлық колледжі, Жаңа технологиялар колледжі,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті

Андатпа Оңтүстік Қазақстанда соңғы жылдары суармалы егістерде дәнге арналған және сүрлемдік жүгерінің түсімділігі ақталмай төмендеді. Жүгері түсімділігі төмендеуінің бір себебі өсімдіктің өсу кезінде көптеген ауруларға шалдығуы. Аурулардың түрлік құрамы ауа-райы мен топырақ жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Сондықтанда, жүгері өсіруде аурулардың алдын алуға минералды тыңайтқыштар енгізіп, дақылдың имундық қасиетін жоғарылатуды зерттеу басым бағытқа ие болып табылады.

Осы мақалада Оңтүстік өңірінде жүгері егістігінде кездесетін аурулардың таралуына миенралды тыңайтқыштар әсері анықталған.

Кілт сөздер: жүгері, аурулар, минералды тыңайтқыштар, таралу.

Кіріспе

Қазақстанда азық-түлік программасын орындауда жүгерінің адамға да, малға да азықтық қасиеті орынды бағаланып отыр. Сондай-ақ өнеркәсіпте бағалы шикізат есебінде әртүрлі мақсаттарға пайдаланылуы біздің республикамызда жүгеріні кең көлемде өсіру қажеттігі мен мүмкіншіліктерін айқындады. Жүгері дақылын 120 жуық ауру коздырушылар залалдайды. Аурулар мен зиянкестердің әсерінен алынатын өнім 8 - 12%, ал кейде 20% -дан да көп азаяды. Жүгері ауруларының таралуына әрбір аймақтың топырақ - климат жағдайы мен топырақ құрамындағы макро, микро қорларына байланысты минералды тыңайтқыштардың әсері әртүрлі болып келеді. Жүгеріге өте залал келтіретін кең таралған түрлері фузариоз, толарсақ және тозанды қара күйе, гельминтоспориоз, диплодиоз, тат аурулары. Сурамалы жағдайда өсімдіктерге минералды тыңайтқыштарды енгізіп, топырақтың қоректі қорын арттыру арқылы ауыл шаруашылық дақылдарынан жоғары сапалы өнім алуға болады. Топырақ ылғалдылығы мен қоректік қорларын біркелкі жақсарту жақсы өнім кепілі.

Зерттеудің мақсаты

Оңтүстік Қазақстан облысының кәдімгі сұр топырақты аймағында дәндік жүгері ауруларының таралуы мен дамуына оларға әртүрлі мөлшерде минералды тыңайтқыштарды қолданып, оның өнімділікке әсерін анықтау мақсатталған.

Жұмыстың міндеттері

- оңтүстік аймақта жүгері егісінде кездесетін ауру түрлерін және оның таралуы мен даму ерекшеліктерін анықтау;
- қаракүйе және басқа да аурулардың таралуы мен дамуын және зияндылығын шектеуде минералды тыңайтқыштарды енгізу арқылы рөлін зерттеу;
- жүгері ауруларының таралуы мен дамуына минералды тыңайтқыштардың әсерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Тәжірибе 4 реттік қайталамада мөлдектерге тармақтау әдістемесі бойынша нұсқаларға бөлініп қойылды. Мөлдектер көлемі бірінше реттік 1000 м², екінші реттік 250 м². тәжірибе алқабының жалпы көлемі 2 га. Жүгері ауруларының даму дәрежесі баллдық шкаламен немесе пайызбен анықталды. Өсімдік ауруларының даму дәрежесін анықтауда әр нұсқадағы тұрақты нүктелерден жүгері өскіндері шыққаннан бастап толық пісу кезеңіне дейін бақылауға алынды. Балауызданып пісу кезінде жүгерінің тозаңды және толарсақ қара күйе ауруларына шалдығуы анықталды. Бұл үшін өнім жинау алдында 50 өсімдік 4 қайталап тексерілді, ал собықтың залалдануы осы алынған өсімдіктерден 4 рет үлгі алынып залалдану пайызы есептелді.

Зерттеу нәтижелері мен жаңалығы

Жүгері дақылдың ауруларының таралуы және оларға минералды тыңайтқыштардың әсерін анықтау үшін тәжірибе егісіндегі жүгері алқаптарына маршруттық тексеру жүргізілді. Жүгерінің қара күйе және басқа ауруларға шалдығуы қырманға жиналған собықтарды тексеру арқылы да анықталды. Оңтүстік Қазақстан облысы аймағында жүгері егісінің ауруға шалдығуын зерттеу және бақылау барысында негізгі төрт аурумен залалданғаны байқалды. Олар фузариоз, тозаңды және толарсақ қара күйе және гельминтоспориоз. Жүгері өскіндері шығып 2-3 жапырақ түзу кезеңіне дейін фузариоз ауруымен залалдануы бақылау нұсқасында анықталып аурудың таралуы 5,2% болса, ал екінші нұсқада аурудың таралуы 3,2% төмендеген (1-кесте).

Кесте – 1 Жүгері ауруларының таралуы, %

№	Нұсқалар	Фузариоз	Толарсақ қара күйе	Тозаңды қара күйе	Гельминтоспориоз
1	Тыңайтылмаған алқап	5,2	4,8	5,4	3,8
2	P ₆₀	3,2	3,4	3,0	1,4
3	N ₆₀ P ₆₀	1,3	1,5	1,7	1,0
4	N ₉₀ P ₆₀ K ₆₀	0,2	-	0,1	-
5	N ₁₅₀ P ₉₀ K ₆₀	-	-	-	-

Бақылау нұсқасында тексерілген 50 өсімдіктің 2,6 данасы фузариоз ауруына шалдығып мына формуламен кеселдің таралуы анықталды.

$$P = n \cdot 100 / N, \quad P = 2,6 \cdot 100 / 50 = 5,2, \quad P = 2,4 \cdot 100 / 50 = 4,8$$

Өсімдіктің ауруға төзімділігі минералды тыңайтқыштарды енгізуден жоғарылайтынын 3, 4, 5 – ші нұсқалардан көруімізге болады. Бұл нұсқаларда аурудың таралуы 1,5% және 0,2% өсімдік болар – болмас залалданған. Ал 5-ші нұсқада жүгері фузариоз ауруына төзімділігі артып ауруға шалдықпағаны байқалды. Өсімдік балауызданып пісу кезеңінде тозаңды және толарсақты қара күйеге шалдығуы және аурудың таралуы анықталып, тыңайтылмаған алқапты толарсақ ауруының таралуы 4,8%, қара күйе ауруының таралуы 5,4% екендігі анықталса, тыңайтылмаған алқапты толарсақ және тозаңды қара күйе ауруларының таралуы есептелді.

$$P = 2,4 \cdot 100 / 50 = 4,8\%, \quad \text{Тозаңды қара күйе} \quad P = 2,7 \cdot 100 / 50 = 5,4\%$$

Екінші нұсқада (P₆₀) аурудың таралуы 3,4% және 3,0% болса, ал үшінші нұсқада (N₆₀P₆₀) аурудың таралуы біршама төмендеп толарсақ ауруының таралуы 1,5% құраса, тозаңды қара күйе ауруы 1,7% болды. Ал төртінші нұсқада (N₉₀P₆₀K₆₀) толарсақ ауруына шалдыққан өсімдіктер кездеспеді, ал тозаңды қара күйе ауруы алғашқы даму кезеңінде 0,1% анықталды. Сондай – ақ бесінші нұсқада (N₁₅₀P₉₀K₆₀) өсімдіктердің ауруға мүлде шалдықпағаны анықталды. Жүгерінің гельминтоспориоз ауруының таралуын үлгідегі өсімдіктерді мұқият тексеру арқылы анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша тыңайтылмаған алқапта аурудың таралуы 3,8% құраса, ал екінші нұсқада 1,4% құрады. Сондай – ақ төртінші, бесінші нұсқаларда жүгерінің ауруға төзімділігі байқалып ауруға шалдыққан өсімдіктер анықталмады. Өсімдік ауруларының даму дәрежесін анықтауда әр нұсқадағы тұрақты нүктелерден жүгері өскіндері шыққаннан бастап толық пісу

кезеңіне дейін бақылау жүргізіліп соның нәтижесі бойынша тыңайтылмаған алқапта фузариоз ауруының даму дәрежесі 6,5% болды. Егіс алқапқа P₆₀ енгізген нұсқада аурудың даму дәрежесі 3,8% төмендеп, ал үшінші нұсқада аурудың бәсеңдеуі небәрі 0,5% құрады. Сонымен қатар төртінші және бесінші нұсқаларда ауру өсімдіктер байқалмады (2-кесте).

Кесте -2 Жүгері ауруларының даму дәрежесі, %

№	Нұсқалар	Фузариоз	Толарсақ қара күйе	Тозанды қара күйе	Гельминто-спориоз	Өнім шығыны
1	Тыңайтылмаған алқап	6,5	3,6	4,2	5,1	21
2	P ₆₀	3,8	2,5	2,7	3,6	12
3	N ₆₀ P ₆₀	0,5	0,3	0,6	0,4	2,5
4	N ₉₀ P ₆₀ K ₆₀	0,1	-	-	0,2	0,01
5	N ₁₅₀ P ₉₀ K ₆₀	-	-	-	-	-

Жүгерінің балауызданып пісу кезеңінде толарсақ және тозанды қара күйе ауруларының даму дәрежесі анықталып 3,6 және 4,2% тыңайтылмаған алқап бірінші нұсқамызда аурудың дамуы 2,5-2,7% болды. Ал үшінші нұсқада аурудың дамуы төмендеп небәрі 0,3 -0,6% құрады. Басқа нұсқаларда ауруға шалдыққан өсімдіктер анықталмады. Демек, өсімдікке қажетті мөлшерде минералды тыңайтқыштар енгізілсе, оның ауруға төзімділігі артатыны байқалды. Жүгері егісінде кездесетін негізгі ауру –гельминтоспориоз. Бұл көктемі жауын – шашын, жазы ыстық жылдары кенінен таралады. Аурудың даму дәрежесі тыңайтылмаған алқапта 5,1%, екінші нұсқада 3,6%, үшінші және төртінші нұсқаларда 0,4-0,2%, бесінші нұсқада ауру өсімдік болмады. Жүгері ауруларының зияндылығын анықтау үшін сау және әртүрлі дәрежеде залалданған 50 өсімдікті белгілеп, олардың сабағы мен собығы дәнінің саны мен салмағы өлшеніп, осы көрсеткіштерді және өсімдіктің ауруға шалдығу пайызын негізге ала отырып өнім шығыны анықталды. Тыңайтылмаған аймақта өнім шығыны 21% құраса, екінші нұсқада ол 12%, ал үшінші (N₆₀P₆₀) енгізілген нұсқада 2,5%, төртінші нұсқада болар – болмас өнім шығынын көрсетті. Бесінші нұсқада өнім шығыны байқалмады.

Қорытынды

Зерттеулердің нәтижесі бойынша дәндік жүгері ауруларының таралуына минералды тыңайтқыштарды әртүрлі мөлшерде енгізуден дақылдың ауруларға төзімділігі артуы негізінен топырақтағы қоректік элементтердің қорына байланысты екендігі анықталды. Дәндік жүгерінің өсу барысында алғашқы көктеу кезеңінде фузариоз ауруына төзімділігін арттыру үшін азот тыңайтқышы 60-90кг мөлшерде үстеп қоректендірудің маңызы ерекше. Дақылдың балауызданып пісу кезеңінде тозанды және толарсақты қара күйе аурулары байқалады, 3-5 жапырақ түзу кезеңінде фосфор – калий тыңайтқыштарын 40-60 кг мөлшерінде енгізу өсімдіктің иммундық қасиетін жоғарылатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Канидич Р.А. Минеральное питание и удобрение кукурузы. М., Колос 1973г.
- [2] Карбозова А.О. Ауыл шаруашылық фитопатологиясы. Алматы, 1998ж.
- [3] Сагитов А.О., Туленгетова Г.Н. Ауыл шаруашылық фитопатологиясы. Алматы, 2001ж.
- [4] Қойшыбаев М. Жүгері ауруларының таралуы және даму дәрежесі. Защита растений, 2002ж., №9.

REFERENCES

- [1] Kanidich RA Mineral nutrition and fertilization of maize. M., 1973 Kolos. (in Russ.).
- [2] Karbozova A.O. Phytopathology of agriculture. Almaty, 1998. (in Kaz.).
- [3] Sagitov A.O., Tulengutova G.N. Phytopathology of agriculture. Almaty, 2001. (in Kaz.).
- [4] Koishibayev M. Maize and degree of development of the diseases. Protection of plants, 2002. N.9. (in Kaz.).

ВЛИЯНИЕ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ НА РАСПРОСТРАНЕНИЕ И РАЗВИТИЕ БОЛЕЗНИ КУКУРУЗЫ В ЮЖНЫХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Исабеков Б.Б., Муминова Ш.С., Жумаханова Р.К.

Раскрыты исследования при внесении минеральных удобрений на посевы кукурузы, их влияние на распространение и развитие болезни растений в южных регионах Казахстана.

Ключевые слова: кукуруза, болезни, минеральные удобрения, распространение болезни.

Поступила 15.01.2015

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 1, Number 25 (2015), 40 – 50

**DEFINITION OF A DEGREE OF TOXICITY OF BORIC COMPOUNDS
IN COMPOSITION THE TAKYR-LIKE SOILS**

Kaldybayev S., Mamytov Zh., Zhamangarayeva A.

Kazakh national agrarian university, Almaty

Abstract. Currently, soil fertility is one of the global problems. This applies particularly to improve the saline soils. In this regard, as the reclamation techniques to improve the ecological status of these soils, it is important to use chemical fertilizers, do not have a negative impact on the environment.

To this end, we studied the effect of vermicompost on the toxicity of boron in the background making boron compounds and without the use of sodium tetraborate, with the addition of multifunctional chemical ameliorants and their effect on the growth and development of rice in a rice-growing array Akdalinski.

ӘОЖ 631.445.52.453

**ТАҚЫР ТҮСТЕС ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ БОР
ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫҢ УЫТТЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІН АНЫҚТАУ**

Қалдыбаев С., Мамытов Ж.Ү., Жаманғараева А.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

Андағпа Қазіргі кезде топырақтың құнарлылығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе тұзданған топырақтарды жақсартуды қолға алу қажет. Бұл үшін мелиоративтік шаралар ретінде топырақтың экологиялық жағдайларын жақсартатын және де қоршаған ортаға зиян тигізбейтін тыңайтқыштарды қолдану қажет. Мелиоративтік биогумус түрлерінің топырақтағы бордың уыттылығына әсері бор қосылысы қосылған және натрий тетраборат тұзы қосылмаған топырақтарға биогумус, мелиоративтік биогумус, полифункционалды химиялық мелиорант қосып, олардың күріш дақылының өніп-өсуіне әсері бақыланды.

Кілт сөздер: сортаң топырақтар, бор қосылыстары, жалпы сілтілілік, натрийтетрабораты, биохимиялық үрдіс, полифункционалды химиялық мелиорант (ПФХМ).

Қазіргі кезде топырақтың құнарлылығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе тұзданған топырақтарды жақсартуды қолға алу қажет. Ол үшін мелиоративтік шаралар ретінде топырақтың экологиялық жағдайларын жақсартатын және де қоршаған ортаға зиян тигізбейтін тыңайтқыштарды қолдану қажет. Мелиоративтік биогумус түрлерінің топырақтағы бордың уыттылығына әсері бор қосылысы қосылған және натрий тетраборат тұзы қосылмаған топырақтарға биогумус, мелиоративтік биогумус, полифункционалды химиялық мелиорант қосып, топырақтың құнарлылығын арттыруға болады.

Зерттеу нысаны ретінде алынып отырған Іле өзенінің төменгі ағысында жайласқан Ақдала алқабының тақыр түстес топырақтарындағы бор қосылыстарының түрлері, олардың аудандастырылған күріш дәнінің өнуіне және өскіндердің өсу қарқындылықтарына әсерлері зерттеліп, әртүрлі минералдық және органикалық полифункционалды химиялық мелиоранттардың бордың уыттылығына қарсы әсерлері сынақтан өтті.

Бор қосылыстарымен тұзданған күріш алқаптарындағы топырақтардың құнарлылығын көтеру үшін арнайы мақсаттағы табиғи мелиоративтік биогумус тұңғыш рет алынып, зертханалық

жағдайда күріш тұқымының өну дәрежесі мен өскіндерінің өсу қарқындылықтарына тиімді әсерлері анықталды.

Ақдала алқабының топырақтарындағы, суармалы суларындағы және өсімдіктеріндегі бор қосылыстарының биогеохимиялық жайғасу жағдайлары зерттеліп, бордың уыттылығына қарсы тәсілдер жасалып шығарылды.

Төрт аудандастырылған күріш сұрыптарына қатысты бор қосылыстарының түрлі формаларының уыттылық шегін анықтау алғаш рет жүргізілуде. Бұл алынған нәтижелер жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Бордың таралу заңдылықтарын анықтау үшін Ақдала алқабынан топырақтың бастапқы үлгілері күріш танаптарын суға бастырғанға дейін алынды (кесте 1).

Кесте 1 – Суға бастырылғанға дейінгі Ақдала суармалы алқабы топырақтарындағы бордың жылжымалы түрінің мөлшері, сәуір, 2013 жыл.

Тереңдік, см	Бордың мөлшері, мг /кг			
	бастапқы бөлігі		соңғы бөлігі	
	атыздағы топырақ	тастанды жер	атыздағы топырақ	тастанды жер
0-10	0,45	10,9	1,63	12,7
10-20	0,50	10,4	1,65	12,0
20-30	0,54	9,6	1,68	11,5
30-40	0,65	8,8	1,70	10,9
40-50	0,78	8,2	1,78	10,4
50-60	0,93	7,8	1,80	9,6
60-70	1,21	7,8	2,10	9,2
70-80	1,30	7,3	3,57	8,4
80-90	1,58	6,7	4,82	7,8
90-100	1,63	6,4	5,00	7,2

Кестеде көрсетілген мәліметтерге сүйенсек, бордың жылжымалы түрінің мөлшері топырақ кескінінің беткі қабатынан төменгі қабатына қарай артып таралу заңдылығы анық байқалады. Мұндай көрініс екі стационарлық учаскелерде де байқалатынын айта кету керек және күріш атыздарының литологиялық шығу тегінде бор қосылыстарының бар екендігін дәлелдейді. Осы нәтижелердің негізінде бор қосылыстары топырақ кескініне топырақ түзуші аналық жыныстардың биогеохимиялық морфологиясының нәтижесінде келіп түсетіндігіне қорытынды шығаруға болады. Бұл үрдістің қарқынды жүруіне күріш танаптарының араға уақыт салып суға бастырылуы және вегетациялық кезеңде грунт суларымен қабысуы, ал күріш өнімін жинағаннан кейін грунт сулары ағыны деңгейінің төмендеуімен жүзеге асады. Осылайша, топырақ құрамындағы мөлшеріне байланысты өзінің уытты әсерін тигізе отырып, күріш өсімдіктерінің тамыр жүйелерін қамтып, топырақ кескіні бойымен боратты тұздардың миграциясы жүреді.

Ақдала суармалы алқабының бастапқы және соңғы бөліктеріндегі атыз топырақтарында бордың жылжымалы түрінің аз мөлшерде болуының екінші заңдылығы анықталғандығына тоқтала кеткен жөн. Мұнда екі жағдайда да күріш дақылына қатысты бор қосылыстарының уыттылық әрекеті біршама төмен мөлшерде. Тастанды жерлер үнемі екінші ретті тұздану үрдісіне ұшырайды және сортаң топырақтарда тұздардың миграциялануы жалпы заңдылығына бағына отырып бор қосылыстары жинақталады. Осы түрлі топырақтарда бордың жылжымалы түрінің мөлшері, кескінінің төменгі жағынан жоғары қарай артады да топырақтың беткі қабатында 12,7 мг/кг дейін жетеді. Өскін мен күріш дақылының қарқынды өсу кезеңінде бордың бұл мөлшері уыттылық шегінен екі есе жоғары. Бордың жылжымалы түрінің мөлшерін бақылау күріш танаптары суға бастырылғаннан кейін: суармалы су→ топырақ→ дренаж суы жүйесінде, жоғарыда аталған екі стационарлық учаскелерде жүргізілді. Топырақ, су және өсімдік үлгілері күріш танаптары суға бастырылғаннан кейін күріш өскіндерінің түптенуінің алдында алынды (кесте 2).

Атыздар суға бастырылғаннан кейін күріш плантациялары жүйесіндегі бордың жылжымалы түрінің мөлшері таралу заңдылығында біршама өзгерістер байқалатындығын 2 - кестеде көрсетілген мәліметтерден көруге болады.

Кесте 2 – Ақдала суармалы алқабы топырақтарындағы, суармалы және дренажды су, күріш өсімдігінің 3-4 жапырақ фазасындағы бордың жылжымалы түрінің мөлшері (мг/кг), маусым, 2013 жыл.

Алқаптың бастапқы бөлігі (№ 594)						Алқаптың соңғы бөлігі (№ 596)					кү- ріш өскі- ні
Атыздағы топырақ		суармалы су			кү- ріш өс- кіні	атыздағы топырақ		суармалы су			
Тереңдігі, см	бордың мөлшері	канал	атыз	дренаж		тереңдігі, см	бордың мөлшері	канал	атыз	дренаж	
0-10	0,53	Із-р	0,17	4,38	0,08	0-10	1,78	Із-р	0,98	7,16	0,09
10-20	0,42					10-20	1,56				
20-30	0,46					20-30	1,56				
30-40	0,51					30-40	1,58				
40-50	0,83					40-50	2,10				
50-60	1,11					50-60	2,93				
60-70	1,34					60-70	3,17				
70-80	1,47					70-80	4,22				
80-90	2,03					80-90	5,37				
90-100	2,12					90-100	5,48				

Ең алдымен бұл тотығу жағдайынан тотықсыздануға өтетін топырақ кескініне қатысты, сонымен қатар суармалы судың тұрақты қабатының әсерінен күріш өскінінің астында топырақтың субстраты анық байқалатын гидрофильді құбылымға ие болады. Сонымен қатар, бордың жылжымалы түрі мөлшерінің, әсіресе, топырақтың жоғарғы қабаттарында артуына әкеліп соғатын сілті түзілу биохимиялық үрдісі қарқынды дамиды. Бұған Ақдала алқабының екі бақылау стационарлық учаскелеріндегі 0-10 см қабаттары мысал бола алады. Мұнда бастапқы бақылаумен, яғни атыздарды суға бастырғанға дейінгі кезеңмен салыстырғанда, бор мөлшерінің біршама артқандығы байқалады.

Бордың жылжымалы формасы жағдайына әсер ететін екінші фактор болып суға бастырылатын күріш егістіктеріндегі су құбылымы жатады. Беткі қабаттардан төмен қарай түсетін атыздардағы суармалы сулардың ағыны грунт суларымен қабысып, топырақ кескіні қабатында біртіндеп біртұтас тепе-теңдік орнатады. Бірақ, жоғары көтерілген грунт сулары деңгейінің қозғалысы бор қосылыстарының төменнен жоғары миграциялануына мүмкіндік береді, ал суармалы сулармен қабаттасқан кезде олардың мөлшері топырақ кескінінің жоғарғы бөлігінде артады.

Бұл құбылыс 2-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, 50-60 см қабаттардан бастап төменгі қабаттарға қарай екі стационарлық учаскеде де байқалады. Бірақ бұл бор мөлшерінің жаппай көтерілуі оның уыттылық шегіне жетпейтіндігін айта кеткен жөн. Сондықтан күріш дақылының өсуі мен дамуына кері әсерін тигізбеуі тиіс.

Топырақтағы бор мөлшерін анықтаумен қатар суармалы және дренаж суы, күріш өскіндерінің де үлгілері талданды. Екі стационарлық учаскенің де суарылатын канал суы үлгілерінде бордың «іздері» анықталды, ал атыз суымен салыстырғанда дренажды канал суындағы бордың мөлшері 5-6 есе жоғары екені анықталды. Бұл олардың топырақ қабатынан қарқынды түрде ауысуының және грунт суларының дренаж каналдарына инфильтрациялану жолымен өтуінің нәтижесі болып табылады. Бор қосылыстарын күріш жүйелері утилитарлы аймағынан шығарып, күріштің вегетациялық кезеңінде күріш плантацияларындағы суармалы су өзінің гидромелиоративтік қызметін толықтай атқарады деген қорытынды шығаруға болады.

Суармалы су→ топырақ→ өсімдік→ дренаж суы жүйесіндегі бор мөлшерінің динамикасын анықтау үшін шілде айының аяғында топырақ, су және күріш өсімдігі үлгілері қайта алынды (кесте 3).

Кестедегі мәліметтерден топырақ кескінінің 0-10 см қабатында (екі стационарлық учаскеде де) бордың салыстырмалы жоғары мөлшерінің сақталғаны және тіпті арту үрдісі байқалатындығы көрінеді. Бұл топырақ қабаты мен атыз суының шекарасындағы сілті пайда болу биохимиялық үрдісінің нәтижесі екені анық. Күріштің бастапқы даму сатысындағымен салыстырғанда, сілті түзуші биологиялық объектілердің массасы көбірек жинақталуы мүмкін. Одан ары қарай, топырақ кескінін бойлай бордың таралу заңдылығы алдыңғы кезеңдегідей сақталған. Бірақ, бор мөлшерінің жаппай арту үрдісі бар, бұл суармалы және грунт суларының гидрохимиялық балансын орнатудағы өзара әрекетімен байланысты.

Кесте 3 – Топырақтағы, суармалы және дренаж суларындағы, күріш өсімдігінің масақтану сатысындағы бордың жылжымалы түрінің мөлшері (мг/кг), тамыз, 2013 жыл.

Алқаптың бастапқы бөлігі (№ 594)					Алқаптың соңғы бөлігі (№ 596)						
Атыздағы топырақ		суармалы су			күріш өскіні	атыздағы топырақ		суармалы су			күріш өскіні
Тереңдігі, см	мөлшері	канал	атыз	дренаж		тереңдігі, см	мөлшері	канал	атыз	дренаж	
0-10	0,60	Іздер	1,07	5,10	1,09	0-10	2,93	Іздер	2,01	7,90	1,22
10-20	0,48					10-20	2,12				
20-30	0,52					20-30	2,18				
30-40	0,60					30-40	2,32				
40-50	0,82					40-50	2,47				
50-60	1,36					50-60	2,14				
60-70	1,52					60-70	3,33				
70-80	1,61					70-80	4,52				
80-90	1,63					80-90	5,46				
90-100	1,74					90-100	5,52				

Суармалы канал суындағы бордың мөлшері алдыңғы деңгейде қалған және тек «іздері» ғана анықталды, ал атыз және дренаж суларында бордың мөлшері біршама артқан. Бұл, биохимиялық үрдіс жолымен қалыптасқан, топырақтың жоғарғы қабаттарында еріген бор қосылыстары атыз суларына өтуі әбден мүмкін екендігімен түсіндіріледі. Ақдала алқабының төменгі бөлігінде оның жоғарғы бөлігімен салыстырғанда бор мөлшерінің жоғары екендігі анықталды.

Берілген 1-ші суретте топыраққа енгізілген бордың 2-ден 6 мг/кг дейінгі мөлшері өскіндер өнуінің жойылуын туғызбағандығын көрсетеді. Тіпті олардың өсуіне біршама жақсы әсер етті. Күріштің өсуіне күрт кері әсер топырақтағы бор шоғырының 8 мг/кг болған жағдайда байқалды. Мұнда өсімдіктің биіктігі 3,2 см болса, бақылауда 7 см болды.


Топырақтағы бор шоғыры 10 мг/кг болған кезде егілген күріш дәндері дамымады. Бұл жағдайда, яғни топырақтағы бордың 8 мг/кг шоғырын жас өсімдіктер үшін уыттылық шегі деп санауға болады

Қорытынды:

1. Бордың мөлшері топырақ кескінінің тереңіне қарай ұлғайып, оның 0 ден 10 см-ге дейінгі аралығында 8,1 ден 10,8 мг/кг-ға дейін ұлғайды.

Топырақтың ерітіндісіндегі рН мәні мен жалпы, жекеленген және боратты сілтіліктердің арасындағы байланысты зерттеу барысында, бұлардың өзара кірішарлық ара-қатынасы бар екендігі анықталып, алынған нәтижелік көрсеткіштер өзара толық корреляциялық заңдылыққа бағынатыны ақиқатталынды.

2. Суда ерігіш бордың мөлшері күріш алқабын суға бастырмай тұрып, ондағы топырақтың беткі қабатынан тереңіне қарай ұлғая беретіні анықталды. Бұл заңдылық Ақдала алқабының басталатын жері мен аяқ шеніндегі жайғасқан күріш атызындағы және күріш егілмейтін жарамсыз жерлердің топырақтарына тән жағдай. Мұның себебін жылдағы күріш алқаптарын суға бөктірген кездегі аналық тау жыныстарының үгіліп, құрамындағы бор қосылыстарының биогеохимиялық



Сурет 1 – Бордың ұйымтық шегін анықтау

өзгеріске ұшырап, топырақ кескінінің бойымен жоғарғы қабатына қарай миграциялануларымен түсіндіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мамутов Ж.У., Есимбеков М.Б. Состояние борных соединений засоленных почв Казахстана. Научно-теоретическая конференция «Вклад У.У. Успанова в развитие почвоведения Казахстана». – Алматы, 2006. – с. 153-159.
2. Шанина Т.М., Гельшан Н.З., Михайловская В.С. «Количественный анализ элементоорганических соединений спектрофотометрическое микро определение бора» max 22. 1967. с. 782.
3. Tanasheva M.R. The extractants for boron from industrial wastes. ISEC – 90. International Solvent Extraction Conference Kyoto. Japan. July 16-21. 1990. p. 90.
4. Есимбеков М.Б. Токсическое действие бора на культуру риса // Вестник с.- х. Науки Казахстана. – 2010. №4. с. 34-38.
5. Мамутов Ж.У. Щелочность почвы и оросительных вод рисовых полей Казахстана и пути ее регулирования. Диссерт. на соискание докт. биол. наук, Москва, 1993. 48 с.
6. Алимханова О.А. Токсическое действия бора на растение // Агрохимия. -1980.-№7. с. 98-102.

REFERENCES

- [1] Mamutov Zh.U., Yesimbekov M.B. State of boron compounds of saline soils of Kazakhstan. Scientific Conference on "The contribution of U.U. Uspanov to the development of soil science of Kazakhstan." - Almaty, 2006. - p. 153-159. (in Russ.).
- [2] Shanina T.M., Gelshan N.Z., Michailovskaya V.S. "Quantitative analysis of organometallic compounds spectrophotometric determination of micro boron» max 22. 1967. p. 782. (in Russ.).
- [3] Tanasheva M.R. The extractants for boron from industrial wastes. ISEC - 90. International Solvent Extraction Conference Kyoto. Japan. July 16-21. 1990. p. 90.
- [4] Yesimbekov M.B. Toxic effect of boron on rice culture. Bulletin of agrarian science of Kazakhstan. - 2010. №4. p. 34-38. (in Russ.).
- [5] Mamutov Zh.U. The alkalinity of the soil and irrigation water of rice fields of Kazakhstan and ways of its regulation. Diss. dr.biol.sc., Moscow, 1993. 48 p. (in Russ.).
- [6] Alimkhanova O.A. Toxic effect of boron on plant. Agrochemistry. -1980.-№7. p. 98-102. (in Russ.).

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СТЕПЕНИ ТОКСИЧНОСТИ БОРНЫХ СОЕДИНЕНИЙ В СОСТАВЕ ТАКЫРОВИДНЫХ ПОЧВ

Калдыбаев С., Мамытов Ж.У., Жамангараева А.Н.

В настоящее время повышение плодородия почвы является одной из глобальных проблем. В особенности это касается улучшения засоленных почв. В связи с этим в качестве мелиоративных приемов улучшения экологического состояния этих почв важно использование минеральных удобрений, не оказывающих отрицательное влияние на окружающую среду.

С этой целью проводилось изучение влияния биогумуса на токсичность бора на фоне внесения борных соединений и без использования тетрабората натрия с добавлением полифункциональных химических мелиорантов и их действие на рост и развитие риса в условиях Акдалинского массива рисосеяния.

Поступила 15.01.2015

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 1, Number 25 (2015), 45 – 47

UDC 342.7(574)

**LEGAL REGULATION OF THE RATIONAL USE
AND PROTECTION OF LANDS****Mursalimova E., Turguldinova S.**

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

Key words: Land resources, legal regulation of land relations, land conservation, rational use of land, land law**Abstract.** The objectives of land protection are: prevention of degradation and disturb of land and other adverse consequences of economic activity by stimulating the production of environmentally safe technology, holding forest amelioration and meliorative activity ensuring the improvement and restoration of land, which were degraded or violation, implementation in practice of environmental regulations of optimal land use.

УДК:332.33

**ЖЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ
РЕТТЕУ ҚҰҚЫҒЫ****Мурсалимова Э., Тургульдинова С.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ, Қазақстан

Тірек сөздер: жер ресурстары, жер қатынастарын құқықтық реттеу, жерді қорғау, жерді ұтымды пайдалану, жер құқығы**Андағна** Жерді қорғау мақсатына жер бұзушылық және оның нашарлауын болдырмау, басқада шаруашылық қызметінің жағымсыз салдарын мелиоративтік, орман-мелиоративтік шараларын жүргізу мен өндірісті экологиялық қауіпсіз технологиясын ынталандыру; нашарланған немесе деградацияға ұшыраған жерлерді қайта қалпына келтіру мен жақсартуын қамтамасыз ету; тәжірибеде үйлесімді жерді пайдалануда экологиялық нормативтерді енгізу.

Жерді – құқықтық реттеу негізіне жерге байланысты барлық нәрселер кіре бермейді, оған белгілі бір экономикалық мазмұны бар мәселелер кіреді. Мұндай қатынастарда жер пайдалану мен меншіктің объектісі ретінде қарастырылып, барлығына әлеуметтік іс-әрекет, өндірістік-ауылшаруашылық территориялық кеңістік базис ретінде қызмет етеді, ал ауылда және орман шаруашылығында өндірістік жағдайда негізгі басты құрал болып табылады. Жер көптеген экономикалық, әлеуметтік және басқа да функциялар орындауда оның объективті ерекшелігі кешендік, жер қатынастарын реттеудегі құқықтық бағытталудағы қажеттілікті қарастырады [1].

Жер қатынастарының мазмұны жердің меншіктік формасы мен түрлерін, қоғамда жүргізілген экономикалық және әлеуметтік қайта құрулар, нақты идеялармен жер саясатының мақсатына байланысты болады.

Жер құқығының жалпы бөлімі жер қатынастарының барлық немесе көптеген түрлерін қамтитын әрекеттермен барлық салаларға қатысты нормативтік қаулыларды қарастыратын құқықтық институттардан тұрады. Сонымен қатар, ол жалпыға мәнді және негізді көрсететін

бастама, жалпы принциптерге негізделген жер құқығын реттеу болып табылады. Жер туралы заңның мазмұнында негізгі жалпы бөлімге жататын институттарға: жерге меншіктік құқық; жерді пайдалану құқығы; жер қорын мемлекеттік басқару; меншікті қорғау құқығы және жердеі басқа да заттарға құқығы; жер құқығын бұзудағы заң алдындағы жауапкершілік; жер процессі [2].

Жер құқығының жалпы бөлімінің институттарының нормасы тікелей немесе арадағы негізгі бөлім институттарының нормалары арқылы жүргізіледі. Соңында олар нақтыланып, спецификасына қарай жер қатынастарына сұрақтары реттеліп дәйектелінеді.

Жер құқығының ерекше бөлімі жердің жеке категорияларын қорғау мен пайдаланудың құқықтық режимін анықтаушы институттардан тұрады. Жер категорияларына сәйкес заңда қарастырылғандай, ерекше бөлім негізгі мақсаты мен ерекшелігіне байланысты келесі институттарды көрсетеді: құқықтық режимді анықтаушы: ауыл шаруашылық сипаттағы жер: тұрғындық аумақтағы жер; өндірістік, көліктік, байланыс, қорғаныс және басқа да ауыл шаруашылық мәндегі емес жерлер; табиғи ерекше қорғалатын территориялардағы жер; орман қорының жері, су қорының жері; қордағы жерлер. Ерекше бөлім институты басқарудағы қатынастарды реттеудегі құқықтық ерекшелігіне, спецификасына, жер қорының әрбір жеке категорияларындағы жерлерді қорғауда көрініс береді.

Жер құқығының әдістері: императивті әдіс жер қатынастарын реттеуді биліктік – императивтік бастамалармен сипаттайды, заңды іс – әрекет жоғары жақтан мемлекеттік органдардан болғанда субъектінің жағдайы екі жақтың заңды тәңсіздігімен субординация қатынасы арқылы қарастырылады.

Диспозитивті әдіс ол жер қатынастарына түсуші қатысушыларды жалпы параметрде, заңды түрде тең көрсетілген шектен шықпай, еркін, өзін-өзі басқаруды реттеуі.

Жер құқығы әдісі нормативті – құқықтық жүйенің ішінде жер қатынастарына қатысушыларға белгілі бір әрекеттерді жасауға берілген мүмкіндіктері немесе белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу түріндегі аталған құқықтары мен міндеттері өз мән бойынша олардың жүріс – тұрысының үлгісі болып табылады.

Жер құқығының принциптер жүйесі регулятивті – функциональды сапаларды қамтиды:

- а) жер қатынастарын тікелей реттеу;
- б) нақты жер құқықтық қатынастарын реттеуде бір – біріне қарсы аралықты жақындатушы құрал ретінде;
- в) негізгі бағыттарды анықтап құқықты қолдануда бағыттаушы қызметін атқарады;
- г) жер-құқықтық реттеу жүйесін қамтамасыз етеді;
- д) жер байланысты құқықтық қатынастарда субъектілердің әлеуметтік – экономикалық, жер саясатына қызығушылықтарына сәйкес құқықтық индикатор қызметін атқарады.

Жерді қорғау қоршаған ортаның бір бөлшегі ретінде жерді қорғауға бағытталған жерді тиімді пайдалану, ауылшаруашылық және орман шаруашылығындағы айналымдағы жерлерді негізсіз пайдалануды тоқтату, сонымен қатар топырақтың жеміс беруін көтерумен қалпына келтіру және құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық т.б. іс – шаралар жатады.

Жерді қорғаудың мақсаты: өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, мелиорациялық және басқа да іс – шараларды жүргізу арқылы жердің тозуымен бүлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау [3].

Жер телімдерінің меншік иелері және жерді пайдаланушылар мына бағыттарда іс – шараларды жүргізуі тиіс:

Жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріспен тұтыну қалдықтарымен химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттар мен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғауға;

Ауыл шаруашылығы жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта мен шілік басып кетуден, жердің жай – күйі нашарлауының өзге де түрлерінен қорғауға;

Бүлінген жерлерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтірумен оны шаруашылық айналымына уақтылы тартуға;

Жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға және пайдалануға.

Жердің тозуын болдырмау, топырақтың құнарлылығын және ластанған аумақтарды қалпына келтіру мақсатында, сондай ақ ауылшаруашылығының тозған алқаптарының, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттардың жол берілетін шекті қоспаларының және жол берілетін шектегі әсер деңгейінің белгіленген нормативтерінен артық ластанған, өндіріс тұтыну қалдықтарымен, ақаба сулармен ластанған жердің, сондай – ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жердің топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жерді сақтап қою көзделеді [4].

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерді ұтымды пайдалану мен қорғауға мүдделігін арттыру мақсатында бюджет заңдарында және салық туралы заңдарда белгіленген тәртіппен жерді қорғаумен пайдалануға экономикалық ынталандыру жүзеге асырылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Т.Есполов, Ж.Сейфуллин. Управление земельными ресурсами. - Алматы, 2004.-332 с.
[2] Земельный кодекс КР. Практическое пособие.- Алматы: ТОО «Изд-во «Норма-К», 2011.-132 с.
[3] М.Сулин. Землеустройство. Уч. пособие., М.: Колос, 2009. - 399 с.
[4] В.Максимов. Организация производства землеустроительных работ. Уч.пособие, Усть-Каменогорск, 2011.-121 с.

REFERENCES

- [1] T. Yespolov, Zh. Seyfullin. Management of land resources.-Almaty, 2004.-332 p. (in Russ.).
[2] The Land code of the RK. Practical guide.- Almaty: LLC "Publishing house "Norm-K, 2011.-132 p. (in Russ.).
[3] M. Sulin. Land management. Manual., М.: Kolos, 2009. - 399 p. (in Russ.).
[4] V. Maximov. Organization of production of land management. Manual, Ust-Kamenogorsk, 2011.-121 p. (in Russ.).

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ОХРАНЫ ЗЕМЕЛЬ

Мурсалимова Э., Тургульдинова С.

Ключевые слова: земельные ресурсы, охрана земель, правовое регулирование земельных отношений, рациональное использование земельных ресурсов, земельное право.

Аннотация. Целями охраны земель являются: предотвращение деградации и нарушения земель, других неблагоприятных последствий хозяйственной деятельности путем стимулирования экологически безопасных технологий производства и проведения лесомелиоративных, мелиоративных и других мероприятий; обеспечение улучшения и восстановления земель, подвергшихся деградации или нарушению; внедрение в практику экологических нормативов оптимального землепользования.

MURSALIMOVA E.A.

**ASSOCIATE PROFESSOR OF THE DEPARTMENT OF LAND RESOURCES AND CADASTRE
DEPARTMENT OF FOREST, LAND AND HORTICULTURE**

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

